



АНА ТІПІ

1990 жылғы
наурыздың 22-сінен
бастап шығады

Түйін Тағынай

Сәзі жогалған
жүрттың
өзі де жогалады



Арлан мен Тарлан айқасы (дастаннан үзінді)



Серік Тұрғынбекұлы

Қазақтың тарлан ғарышкері Тоқтар Әубәкіров пен арлан ақыны (Ә.Кекілбаев) Серік Тұрғынбекұлы түйдей құрдас. Екеуі де соғыстан кейінгі ұрпақ өкілдері. 1946 жылдың түлектері. Содан да болар, ақын Серік Тұрғынбекұлы өзінің төл құрдасы, қазақтың тұнғыш ғарышкері, Халық қаһарманы Тоқтар Әубәкіров туралы «Гарыш – қазақ» деген дастан жазып, оны Астанадағы «Фолиант» баспасынан шығарған болатын. Алайда ақын бұл дастанды уақыт үрдісіне орай әлі де толықтырып жазу үстінде. Көп ұзамай дастаның толық нұсқасы оқырман қауымның қолына тиіп қалуы да мүмкін. Біз батыр – ғарышкердің 70 жылдық мерейлі мерекесіне орай, осы дастаның жаңа тарауынан «Арлан мен Тарланның айқасы» деген үзіндісін жарияладап отырмыз.

1

Сөзімді дей алмаймын жаңсақ еді,
Бұл Тоқтар бала жастан аңсақ еді.
Ержетіп,
Аттың жалын тартып мінсе,
Арланмен айқасуды аңсап еді.

Ержетіп,
Енді өзі де –

Тарлан болған.

Танбайды –

Өзі таңдаپ алған жолдан.

Жекпе-жек айқасуға

Батырлардай,

Арманы жатса-тұрса

Арлан болған.

Сенеді ақылына,

Ісіне де,

Сыймай тұр бойындағы күші неге?!

Ойынан әсте шығып кетер емес,

Кіреді тұнде тіпті – тұсіне де.

Белгісіз болса-дағы қылышы әлі,

Жүрекке сінбесе де сыры-мәні.

Құндіз-тұн құлағынан кетпей қойды,

Бөрінің құндіз-тұні ұлығаны.

Көп ісі келмесе де нояға әлі,

Тұрі жоқ бұл тірлігін қояр әлі.

Қасқырдың

Қаншығының

Қыңсылаған

Үнінен –

Тұн ішінде оянады.

Сонан соң,

Көпке дейін үйқы келмей,

Аңшының болғаны ма, сыйқы мендей,

Дегендей,

Өз-өзінен намыстанып,

Қиналды –

Көңілінің құйті келмей.

Үйіне бір кіреді, бір шығады,

Дегендей,

Неге бүйтіп жүрсің әлі?!

Байлаулы үйшіктегі иттің өзі,

Мазасыз күй кешкендей қыңсылады.

Батырда

Бұдан әрі тұрыс барма,

Шарқ ұрып,

Шама қалмай тыныстарға.

Бекініп,

Білек түріп шыға келді,
Қатайып тұла бойы құрыштан да.

Сонан соң,
Дегбір таппай, сәл асыға,
Ұқсап бір,
Мәрт қазақтың баласына.
Қырандай
Кен даланы
Кезіп кетті,
Зымыран –
Мініп алыш шанасына.

II

Туғандай
Аңшылықтың дәуірі енді,
Тұрғандай
Теріскейдің дауылы енді.
Жүретін қолға түспей,
Қысы — жазы –
Бір Көкжал
Дүрліктіріп ауыл-елді.

Бір Көкжал
Бүкіл елді шошындырды,
Соңынан бөрі біткен жосып журді...
Зар болды –
Мал тұяғы тимей тіпті,
Талай жыл тузыраған
Тосын құмы.

Бір дертке ауыл түгел шалдықты енді,
Осылай, бір пәлеге қалдық! – деді.
Қойы ма,
Сиыры ма,
Жылқысы ма,
Қоймады,
Қырып-жойып, мал біткенді.

Қасқырдың
Жаудай шауып тобы мына,
Айналды оқ тиместің шоғырына.
Жал-жая,
Қазы-қарта кертіп жейтін,
Талайлар зар боп қалды «соғымына».

Соны ойлап
Кең далаға тартты Тарлан,
Болса да алай-түлей,
Боран бар маң.
Діттеген женісіне
Жетер болса,
Шіркін-ай, болар ма екен жігітте арман.

Бойында
Бес қаруы
Бұтін әрі,
Бұл жолда аңшы қалай ұтылады?!

Боранда
Бала менен ит секілді,
Қар шашып,
Қасқырлар да құтырады.

Арландар
Жеке-дара жорта бермес,
Мергенге ілігеді болса дербес.
Шын аңшы
Арландарын таңдал алар,
Шетінен
Шытырлатып ата бермес.

Үнемі
Майлы жілік-сүйекпенен,
Қасқырлар тегінде осал күнелтпеген.
Арланның ізі мынау
Алдан шыққан
Жөні бар –
Құм Тосынды жиектеген.

Сол ізге түсті Тарлан шанасымен,
Көрсеткен жігіттердің шамасымен.
Қалыңға кіріп кетсе
Табу қын,
Қашаннан –
Құм Тосынның панаы кең.

Узуге шақ қалғанда қудерді енді,
Зымыран шана оған жібермеді.
Әп-сэтте зуылдатып жетіп келіп,
Көп қасқыр екендігін түгел көрді.

Көкжалды
Көрді бірден ішіндегі,
Тарлан да ыза буған пішінде еди.
Арланды арасынан жеке қуды,
Қолына оңашалап тұсіргелі.

Біледі қасқырдың да «саясатын»,
Басына шығып кетер аяса тым.
Мылтықтан ғана олар қаймығады,
Қаруын қолына ұстап таяса кім.

Құм Тосын жиегінде – өткелекте,
Аңырып
Арлан тұрды шеткеректе.
Қарусыз осы сәтте
Тарлан шықты,
Арланмен айқасуға жекпе-жекке.

Сонда да
Қоймай Көкжал ойқастауын,
Жиектің паналады қойтастарын.
Оқушым, өзі оқып,
Көзі көрсін,
Арлан менен Тарланның шайқасқанын.

III

Оқушым,
Сен де байқашы,
Тарлан мен Арлан айқасы,
Жарқұл да жүркүл,
Сенгірден –
Секілді түскен жай тасы.

Тұрарсың қалай
Күш артпай,
Батырға тегі ұқсатпай.
Тарланның қолы – тоқпақтай,
Арланның тісі – пышақтай.

Арланым аузын ашады,
Тарланым мысын басады.
Бірімен-бірі тақасып,
Бірінен-бірі қашады.
Қарайып қаны –
Һәм дүшпан,

Қаһарлы аяз –
Зәр қысқан.
Бірімен бірі арбасып,
Бірімен бірі аңдысқан.

Бір кезде
Арлан атылды,
Тарлан да жынын шақырды.
Желкеден басып,
Саусағын
Тамаққа қарай батырды.

Жатқанмен қанша бұлқынып,
Кете алмай қолдан бір шығып.
Айқасып жатыр ақ-қара,
Шайқасып жатыр тіршілік.

Тарланның қолы темірдей,
Тұра ма сірә, жемірмей.
Былқ етер тіпті түрі жоқ,
Қайтеді арлан женілмей.

Көрініп ерлік ісінен,
Қаймықпай қасқыр тісінен.
Құллатты
Тарлан
Арланды –
Бұлтартпай
Білек күшімен.

Ұстады қолмен мығымдал,
Құлағын қолмен тығындал…
Құллатты
Тарлан
Арланды –
Жатпай-ак бір оқ шығындал.

Шын ерлік болды бұл тіptен,
Мұндайды ғажап кім күткен?!

Екінің бірі
Қасқырды,
Атып алмай ма –
Мылтықпен.

Ал, біздің Тарлан
Қасқырды,

Желкеден басып,
Басқа ұрды.
Қолында бірақ
Оқ емес,
Оқтан да бетер тас тұрды.

Шалт қимыл жасап,
Асыға,
Қырандай қонып басына.
...Көмекке келер
Қысылсан,
Туған бір жердің тасы да!

Еңсесі
Ердің
Ең биік.
Кеудеде намыс –
Шер – күйік.
Тай жеген
Арлан,
Тарланның
Алдында жатты теңкиіп!